


Қаламыздағы Арқалық қазақ жасөспірімдер театрында кәсіби бағдар беру бойынша қала мектептері түлектерімен кездесу өтті. Ұлытау облысы ПД Ұлытау ауданы ПБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Марлен М.М. және Ұлытау облысы ПД Тәрбие және Кадр жұмысы басқармасының аға инспекторы полиция майоры Сақтаев Б.К. полиция мамандығы туралы мәлімет берді.



Полиция қызметкері – халықтың қорғаны. Қылмысты ашуда, қауіпсіздікті сақтауда полиция қызметкерлерінің еңбегі зор. Полиция қызметкері болу үшін білім де, білік те, білек те керек. Сабыр, төзім және қажыр-қайрат қажет. Шапшандық пен жылдамдық, тез шешім қабылдап, жылдам әрекет ете білу қабілеті полицейге қажетті басты қасиеттердің қатарында Қазақстан Республикасы ІІМ Қарағанды академиясы полиция мамандығына даярлайтын жоғары оқу орны болып табылады, онда күндізгі және сырттай оқыту факультеттерінде жедел-ізвестіру қызметі және тергеу-криминалистикалық маманданулар бойынша «құқық қорғау қызметі» мамандығының жоғары заңгерлік білімі бар мамандарын даярлау жүзеге асырылады.

